



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

Астана қаласы

город Астана

«2024 жылға арналған генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты өткізу кестесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 20 ақпандағы №73 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу қағидаларының 5-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22727 болып тіркелді), **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «2024 жылға арналған генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты өткізу кестесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 20 ақпандағы №73 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 2024 жылға арналған генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты өткізу кестесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаментіне осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі**

А. Сәтқалиев

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2024 жылғы «__» _____
№ ____ бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2024 жылғы «20» ақпандағы
№ 73 бұйрығымен
бекітілген

Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға 2024 жылға арналған аукциондық сауда-саттық өткізу графигі

Аукциондық сауда-саттық күні	Аукциондық сауда-саттықты өткізу уақыты (Астана қаласы уақыты мен)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін құжаттарды қабылдау кезеңі	Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің аймағы	Түрі	Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі, мегаватт (бұдан әрі — МВт)	Шекті аукциондық тарифтің шамасы, теңге/МВт* ай	Пайдалануға берудің талап етілетін күні, шарттың қолданылу мерзімі	Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, теңге	Электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің қажетті көлемі, теңге
-------------------------------------	---	---	---	-------------	---	--	---	---	---

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<p>Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген</p> <p>Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 4-тармақ 3) тармақшасына сәйкес</p>									
23.08.2024 ж.	10:00 сағат	10.07.2024 ж. бастап 24.07.2024 ж. дейін	Солтүстік және Оңтүстік аймақтар (Ақтөбе және Жамбыл облыстары)	Бу-газды қондырғылары (2 дана)	450	16 299 800	2028 ж.	*	**
23.08.2024 ж.	12:00 сағат	10.07.2024 ж. бастап 24.07.2024 ж. дейін	Батыс аймақ (Атырау облысы)	Бу-газды қондырғы	250	16 299 800	2028 ж.	*	**

Ескертпе:

* - Аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар беретін электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметтің көлеміне байланысты, МВт (1 МВт x 3 900 102,5 (алдын ала техникалық-экономикалық негіздеме есебінен));

** - Қағидалардың 96-тармағына сәйкес электр қуатын сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етудің үлестік мәні 1 000 000 (бір миллион) теңге/МВт (1 000 000 x жеңімпаз айқындаған аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызмет көлемі) құрайды.